

Халыққа мемлекеттік атаулы көмек көрсету жөніндегі учаскелік комиссиялар жөніндегі Ережені келісу туралы

Күшін жойған

Алматы облыстық мәслихатының 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 31-172 шешімі. Алматы облыстық Әділет басқармасында 2003 жылғы 12 ақпанда N 1017 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 2011 жылғы 01 сәуірдегі N 44-245 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 2011.04.01 N 44-245 Шешімімен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңының 5-бабына 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік әлеуметтік көмек туралы" Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" N 1685 қаулысына сәйкес Алматы облысының мәслихаты

ШЕШІМ

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Халыққа мемлекеттік атаулы көмек көрсету жөніндегі учаскелік комиссиялар жөніндегі Ереже" келісілсін.

2. Облыстық мәслихаттың 2002 жылғы 18 наурыздағы "Халыққа мемлекеттік атаулы көмек көрсету жөніндегі учаскелік комиссиялар жөніндегі Ережені келісу туралы" N 20-136 шешімінің күші жойылсын.

А л м а т ы о б л ы с т ы қ
М ә с л и х а т ы с е с с и я с ы н ы ң

төрағасы

А л м а т ы о б л ы с т ы қ

Мәслихатының хатшысы

Халыққа мемлекеттік бәсірелік әлеуметтік көмек көрсететін учаскелік комиссиялар туралы ЕРЕЖЕ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже халыққа мемлекеттік бәсірелік әлеуметтік көмек көрсететін учаскелік комиссияларды жұмыстарын ұйымдастырып, жүргізуге бірыңғай талап

б е л г і л е й д і .

1.2. Учаскелік комиссия - атаулы әлеуметтік көмек сұраған адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдерінің шешімімен құрылатын арнаулы комиссия.

1.3. Учаскелік комиссия өкілетті органдарға және кенттік, ауылдық округтері әкімдеріне халыққа бәсірелік көмек көрсетуге ықпал ету мақсатында құрылады.

1.4. Учаскелік комиссия өз жұмысында Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік бәсірелік әлеуметтік көмек туралы" Заңын және халыққа мемлекеттік бәсірелік әлеуметтік көмек көрсететін учаскелік комиссиялар туралы Ережені басшылыққа алады.

II. УЧАСКЕЛІК КОМИССИЯНЫ ҚҰРУ ТӘРТІБІ

2.1. Учаскелік комиссия ауылдық, кенттік әкімдерінің шешімімен құрылады, қайта ұйымдастырылады және таратылады.

2.2. Учаскелік комиссиялардың құрамын қоғамдық негізде ауылдық, кенттік әкімдері жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктер, жекеменшік пәтер иелері, тұрғындар, ұйымдар мен білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және құқық қорғау органдарының өкілдерінен құрылады.

2.3. Учаскелік комиссияның мәжілісі кем дегенде он күнде бір рет өткізіледі.

2.4. Учаскелік комиссияның мәжілісін уақтылы өткізу жауапкершілігі ауыл, кент әкімдеріне жүктеледі.

2.5. Учаскелік комиссияның бірінші мәжілісі аудандық (қалалық) атқарушы орган өкілінің қатысуымен өтеді. Бірінші отырыста комиссия мүшелерінің міндеттері, құқықтары мен жауапкершіліктері жөнінде хабарланады. Келесі отырыстарында жүргізілген тексерулердің қорытындысы талқыланады.

2.6. Ауыл, кент әкімдері учаскелік комиссия мүшелеріне дұрыс жұмыс істеу үшін қажетті жағдайлар жасайды (жеке жайлармен, заңдар жиынтығымен, техникалық құралдармен қамтамасыз ету).

2.7. Ауылдық округтің әкімдері өз беделін түсірген немесе қажеттілікті тексеретін белгіленген тәртіпті бұзғаны үшін кез-келген мүшесін комиссия құрамынан шығаруға құқы бар.

III. УЧАСКЕЛІК КОМИССИЯНЫҢ ӨКІЛЕТТІГІ

3.1. Уәкілетті органдар мен ауылдық, кенттік әкімдеріне халыққа бәсірелік әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыруға ықпал етеді.

3.2. Әлеуметтік көмек сұраған отбасыларының нақтылы материалдық жағдайларын тұрғылықты мекен-жайларына барып, олардың қажеттілігін тексеруді жүзеге асырады.

3.3. Бәсірелік әлеуметтік көмек алуға ұсынылған отбасының табысы мен мүлігіне қатысты мәліметтерді алу үшін тиісті органдарға ресми сұрау салады.

3.4. Уәкілетті органның тапсырысы бойынша ауылдық, кенттік, әкімдері ұсынылған құжаттарды іріктеп, қайта тексеруі мүмкін.

3.5. Ұсынылған бәсірелік әлеуметтік көмектің қажеттілігі жөнінде тұжырым дайындайды, қол қояды және уәкілетті органға ұсынады.

3.6. Учаскелік комиссия мүшелері уәкілетті органға ұсынылған актіде көрсетілген ақпараттардың нақтылығы мен сенімділігіне жауапкершілікте б о л а д ы .

3.7. Учаскелік комиссия мүшелерінің тексерілетін отбасы мүшелерінен қандай-да бір алғыс сезімі белгісінде сыйлық алуға құқы жоқ.

IV. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Учаскелік комиссия мүшелерінің Заңға қайшы келетін іс-әрекеттері сот арқылы шағымданылады.